

Ал, жыл қорытындысын көрсеткен зерттеу Семей қаласының мемлекеттік органдарындағы қазақ тілін қолдану деңгейі Риддер мен Зырян қалаларынан тым айырмашылығы жоқ екенін көрсетеді. Тілдің қолданыс аясын кеңейтудегі ең төменгі үш бағананы осы қалалар өзара бөлісіп отыр. Осы үш қалаға бірдей талап қоюға бола ма?

2007 жылы мемлекеттік тілге көшпеген аудандар мен қалаларда және облыстық департамент, басқармаларда мемлекеттік тілде іс жүргізу өлі де тек аударма деңгейінде жүргізілуде. Сондықтан облыстың атқамінер азаматтарының бас қосқан жиынында төл тілімізді кеңсе тіліне қалай енгіземіз деген бір ғана сауал қойылып, ағайынымыздың бірі: "Бізге аудармашы аз, әр департамент пен басқармаға ілеспе аударма қондырғыларын қою керек" дегенді айтты. Сөйтіп, әңгіме дізгіні аудармаға қарай бұрыла берді.

Төңірі жалғасын көптен бір азамат табылып: "Ағайындар-ау, бұл дегеніміз істің түп тамырына балта шапқанымыз ғой. Ең алдында, аударманы енгізгенде біз қатты ұтылдық. Қашанғы тіл мәртебесі аудармашылардың ғана еншісінде қала бермек? Заң бар, Елбасының Жарлығы бар. Енді не керек? Ел-жұрт аман ғой, іске көшейік. Тағы да аудармашыға сілтеп отырғанымыз сыныққа сылтау іздегеніміз ғой", - деп іске шын жанашырлық білдірді. Ілеспе аударма іс жүргізуге қанша қажет еді? - деп ойлану қалғандар бұл пікірге шын разы болған шығар.

Облыстың билік орындарында іс жүргізуді мемлекет тіліне көшіру басталды. Осыған байланысты қайсыбір жағдайда: "Бұл тым асығыстық, бір жылда осындай өзгерісті енгізу мүмкін емес" дегендей ойлар жиі айтылып жатады.

Ойлану керелік. Асығыстық жасап отырмыз ба, әлде кеш қалдық па? Тілдің ұлы көші басталғалы он жылдай уақыт өтті дегенімізбен, істің арғы тарихы басқадай дерек береді. Қазақ тілінің басқару жүйесіндегі алатын орны туралы алғашқы Декрет сонау 1923 жылы Орынборда жарияланған еді ғой. Осы декреттің нәтижесінде сол кездегі бірталай облыстарда іс жүргізу тілі болып қазақ тілі енгізілді. Оның "Қызметкерлер даярлайтын арнайы оқу орындары мен кәсіпкерлік курстарда қазақша іс жүргізуді үйрететін пән міндетті түрде енгізілсін", деген арнайы бабы да болды.

Дәл осы жылдары қазақ тілінің өндіріс тіліне айналуына баса көңіл бөлінгені тағы да бірнеше құжаттан көруге болады. 1924 жылы 26-маусымда ҚазКСР-інің Еңбек Халық Комиссариаты "орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілі мен жазуын білетін қызметкерлермен

ауыстыру жөнінде" хат жолдаса, сол жылдың 5-шілдесінде "Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда қазақ тілінде іс

еткен өте маңызды құжат еді.

Жиырмамыншы жылдары қолға алынып, қазақ тілінің ахуалын жақсартуға көп сеп-

ға таяуы (билік басындағы атқамінерлердің үлес мөлшері одан да жоғары) қазақ азаматтары. Бірақ олар ана тілдеріне

Енді тілді білу талабының қойылуын асығыстық деуіміз жөн бе?

Біз әлемдегі 50 өркениетті

2008 жыл — облыстың

мемлекеттік тілге көшу жылы

КЕРМИЫҒЫМ, КЕРБЕЗІМ...

Іс қағаздарын қазақ тіліне көшіру туралы әңгіме жуықта өткен үлкен жиында тағы да көтерілді. Ендігі кезекте мемлекеттік органдардың басшылары өз мекемелеріндегі тілдік ахуалға, мемлекет тілінің іс жүргізудегі қолданыс үлесіне олардың тікелей өздері жауап берулері қатаң талап етілді. Мұның жөні де бар. 2007 жылға дейін іс жүргізуді қазақ тіліне облыс көлемінде 11 аудан мен Семей қаласы көшірілгенімен, тілдің қолданылу аясы бұларда да біркелкі емес. Бұл тонтан тұрақты және жүйелі жұмыс жүргізген Күршім, Жарма, Бесқарағай, Катонқарағай, Тарбағатай аудандарын айтуға болады. Мұнда шығыс құжаттарымен қатар, кіріс құжаттарына да нақты назар аударылып, талап қойылған.

жүргізуді енгізетін жұмысшылар мен қызметкерлердің санын молайту және қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастыру тәртібін күшейту жөнінде" қаулы қабылдайды. Соның нәтижесінде 20-жылдардың соңында "Ембімұнайдағы" қазақ жұмысшыларының саны 51,6%, Қарсақбайда - 48%, "Одақалтынды" ("Союззолото") 39%-ға, "Қазақкөмірде" - 58%-ға жеткен.

Бірақ соның өзінде ВКП (б) өлкелік комитеті өзі жүргізген рейдте бұған қанағаттанбаушылық білдіріп, "Ұлыдержавалық шовинизм қазақтарды өндіріс пен аппаратқа тарту ісін тежеп отыр" деп, 15 баптан тұратын қаулы қабылдаған. Онда көптеген нақты шаралармен қоса, қазақ тілін үйренуден бас тартқандарға жаза қолдану қажеттілігі де ескертілген. Осы қаулыда көрсетілген шараларды жүзеге асыруды ынталандыру мақсатында Қаз ОАК мен Халық Комиссарлар кеңесі бірлесіп "Қазақ тілін білетін мамандарға жасалатын жеңілдіктер жөнінде" қаулы шығарады.

Бұл қаулының кезінде қазақ тілінің беделін көтерудегі маңызы зор болды. Онда алғаш жұмысқа кірген мамандарға негізгі жалақысына 5%, қазақ тілінде еркін сөйлегендерге 10%, іс жүргізе білетіндерге 15%, үстеме төлеу белгіленген. Ал, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқытын ұстаздардың жалақысына 25% қосымша қосылған. 1934 жылғы Орталық Атқару Комитетінің "Қазақ мектептерінен басқа мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқыту жөнінде" атты қаулысы ортақ мүддеге қызмет

тігін тигізген бұл ауқымды шаралардың өрісі отызыншы жылдардың ортасына қарай күрт тарылғаны көпшілікке мәлім болар. Аштық нәубеті, жаппай қудалау науқаны басталды. Сталиндік өктем саясат тілдердің сіңісу теориясын мықтап қолға алды. Сөйтіп, 1941 жылы 1-тамызда аталған құжаттарды қайтып алу жөнінде қаулы шықты. Міне, осыдан кейін тіліміздің бағы жанбады, кері саясат бой алды. 1955 жылғы 4-маусымда Министрлер Кеңесі төрағасының жарлығымен Қазақ КСР Оқу министрлігіне орыс тіліндегі мектептерді қазақ тілін міндетті түрде оқытудан босату жөнінде нұсқау берілген. Тың игеру жылдары жүздеген қазақ мектебі жабылды.

Жылдар өтіп ғасырға ұласты, заман өзгерді, ел тәуелсіздігін алды, еңсесін көтеріп, жоғын жоқтады. Сол жоқтың бастысы тілі екенін аңғарды. Бүгінгі күні іс жүргізуге қазақ тілін енгізуге жасаған әрекеттеріміз асығыстықтан емес, кеш қалғандықтан қиындық көруге. Енді бір ғасыр емес, ширек ғасыр жіберіп алсақ, кім біледі, тіліміздің халі қандай бола-рын...

Осыдан 10 жыл бұрын Тілдер туралы Заңының ықпалымен басқару кеңселерінің шаттық кестесіне енгізілген аудармашылар қызметін көпшілік тұрақты деп қабылдаған сыңайлы. Тілдер туралы заңның орындалуы да осы аударма ісі деп түсінген. Қазіргі кезде қайсыбір басқармаларда 15 қазақ азаматы қызмет етсе, 16-шы болып аудармашы отыр.

Облыс деңгейіндегі басқару органдарындағы мемлекеттік қызметкерлердің 70%-

бөтен отбасында өскен балалар сияқты — жатбауыр. Кейбір басшыларымыз өздеріне қазақ тілін білу лайықты деп санамайтын да сияқты. Ол үшін аудармашы бар деп есептейтіндей.

Біздің деректер бойынша, өткен 2007 жылы облыста 4940 мемлекеттік қызметкер тілашар үйірмелерінде қазақ тілін үйренді. Бұл барлық мемлекеттік қызметкерлердің жартысынан асып түседі. Құба-құп. Ал, мұның ішінде қанша басшымыз тілді тереңдетіп білуге мүдделі екендіктерін көрсетіп, осы үйірмелерге барып жүр екен? Өз басым соңғы он жыл ішінде қаншама сабақтарға қатысып, қаншама тексерулер өткізгенде тіл үйренушілер арасынан бірде-бір басшыны көрген емеспін. Керісінше, сабақ үстінен қызметкерлерді шақырып алу, шұғыл тапсырма деп жұмыстан босатпау әр деңгейдегі басқарушылар тарапынан тым жиі кездесіп жататындығына көзім жетті.

Бәлкім, басшыларға арналған жеке оқыту жүйесін, жеке топтар, арнайы бағдарлама жасау керек шығар. Соңғы екі жылда қыруар қаржы жұмсалып, тіл үйрету орталықтары да ашылуда. Өскемен қаласындағы орталықта ғана 654 адам тіл үйреніп жүрсе, Шемонаиха, Глубокое, Зырян, Бородулиха, Курчатов, Риддер сияқты жерлерде ашылған орталықтардың тілашар топтарында 514 адам есепке алынған. Тыңдаушылардың арасында бұрыннан тілашар топтарына барып жүргендер баршылық. Бірақ, көпшілігі жылма-жыл күз айында оқуды бастаған болады да, бірер сабақтан соң, жұмыс бабында тілді білуге мәжбүрлік жоғын сезіп, оқуды аяқсыз қалдырады.

дамыған елдер қатарына енуге мақсат қойдық. Айтыңыздаршы, қай өркениетті елде мемлекеттің тілі аударма тіл болып отыр, қай өркениетті елдің мемлекеттік органдарында сол мемлекеттің тілін білмеген, оны менсінбеген адам қызмет ете алады? Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, біздің барша ұлттар тілінің теңдігін сақтауға ұмтылған мемлекеттік тіл саясатының бағыт-бағдарының дұрыстығына көз жете түседі. Сонымен қатар олардан үйренетін де жағдайлар жеткілікті. Латвия Республикасында "Әкімшілік құқық бұзу жөніндегі заң" бойынша кәсіптік міндеттерін атқаруда мемлекеттік тілді белгіленген дәрежеде пайдаланбағаны үшін — 3000 теңгеге дейін айып салынады. Егер дәл осылай болса біздің заңның іс жүргізу жөніндегі 8, 9, 10 баптарын орындамай отырғандардың талайы қалтасынан қағылар еді.

Қазір тілдің бәсекеге қабілеттілігі Үкімет деңгейінде тағы да көтерілуде. Таяуда ғана "Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтудің, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың 2007 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы" арнайы қаулымен құпталып, көпшілік назарына ұсынылды. Ендігі кезекте күтетініміз тіл туралы заңнамалықтарға енгізілетін өзгерістер. Ылайым, солай болғай. Осы тұрғыдан, әлемдік тәжірибеге тағы да көз тіксек, миллиардтаған халқы бар Қытай тіл тұтастығын ел тұтастығы деп ұғынса, Пәкістанда мемлекеттік тілге қарсылық мемлекетке қарсылық деп табылады, Малайзияда тілдің мемлекеттік мәртебесіне күмән келтіруге тыйым салынған. Осыдан 40-50



жыл бұрын өлі тіл деп саналған иврит тілі еврей халқының батыл және шұғыл қолданған шаралары арқасында Израил елімен бірге бүгін бүкіл әлемге танымал, құдіреті аспандап тұрған тіл болды. «Тіл-халықтың жаны» дегеніміз міне, осында болса керек. Иврит тілін, басқаны былай қойғанда, біздің облыста да 100-ге тауау әр ұлт өкілдері тегін оқып, үйренуде. Оның ішінде қазақтар да бар!

Тілдің болашағы өз пайымдауымша, елімізді мекендеген басқа ұлт өкілдеріне емес, ең алдымен осы елдің төл перзенттері, бізге, қазақтарға байланысты. Тілге жанашыр болатындар да, оны қайта түлету жүгінің салмағын көтерушілер де бірін-шіден, өзіміз болуымыз керек. Президентіміздің бұл мәселені қысқа да нұсқа - "қазақпен қазақ қазақша сөйлессін" дегені көрегендік деп ойлаймын. Бүгінгі күні біз басқа ұлт өкілдерін ауызекі сөйлеуге үйретеміз деп, әбігеріміз шығып жүргенде, қазақтарымыз сырт қалып бара жатқан жоқ па? Сөйлей де, жаза да алатын ағайындарымыздың талайы білгендерін сыртқа шығаруға әлі де мән бермей, өз кезектерін күткен сыңайда. Шын мәнісінде, қазіргі жігер-қайраттың басым бөлігі қазақтарды қазақша сөйлетуге мәжбүр етуге жұмсалса, олардың білмегендерін жетілдіруге, әсіресе, іс жүргізу тілін үйретуге жұмылдырса жөн болар ма еді деген ой жоқ емес.

Түркі тілдері арасындағы ең кең тараған аса бай, сыры мен қыры әркімге оңайшылықпен қона бермейтін қазақ тілін тоз-тозы шыққаң жұпыны, жүдеп-жадаған аударма тілінің күйіне салғанымызды ата-бабаларымыз сіре да кешірмес.

Қазақ тілінің кереметтігі сол - оған басқа тілден балама табу, оны басқа тілге аудару оңай емес. Кез келген аударма тек аударма ғана болып қала бермек. Ол тұнпұсқа бола алмайды. Тіпті Абайдың өлеңдерін болмаса қара сөздерін қазақша оқып, сосын орысшасын қолыңызға алсаңыз, ол қаншама мықты, кәсіби аударма болса да, көңілің толмай, бір нәрсе жетіспей тұрғандай сезінесің. Ол тілдің өзіндік нәрі мен сөлі, ішкі философиясы мен халықтың жаны мен рухы екенін, оларды аударып жеткізу мүмкін еместігін ап-айқын сездіреді.

Махамбеттің:
"Кермиығым, кербезім,
Керіскедей шандозым,
Құлдайдай ащы дауыстым!
Құлдайдай айбар мүйіздім,
Қырмызыдай ажарлым
Алуадай базарлым!"

деген шумағы еске түседі. Осыны аудармаға қалай қиюға болады? Аударып көріңіз, не болар екен...

Іс жүргізуде аудармаға иек сүйеп көлген өтпелі кезеңді келместей артқа тастап, төл тілімізде жазып, сөйлейтін кез келді.

Гүлбану ҚҰСМАНОВА,
ШҚО тілдерді дамыту
жөніндегі басқармасының
бөлім бастығы.